

«Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Әлеуметтік-педагогтың
2023/2024 оқу жылына арналған жарты
жылдық есебі

«Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің әлеуметтік-педагогы Рашат Ботақоздің 2023/24 оқу жылына арналған жарты жылдық есебі

Жаңа оқу жылына әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары бекітілді. Бекітілген жоспар негізінде әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өтті.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады. «Қараөзек ауылының білім беретін орта мектебі» ММ ақпараттық стенд жасалған, акцияның жұмысын көрсетеді. Стендінде «Мектепке жол» акциясын жүргізуде ата-аналардың жәрдемдесуіне өтініш үндеуі орналасқан.

Демеушілер балаларға мектепке қажетті құрал-жабдықтар мен мектеп формасы таратылды. Сыйлықтарды тарту барысында оқушыларға тілектер айтылып, жаңа оқу жылы сәтті басталсын деп кеңес айтылды.

Мектеп әкімшілігі демеушілерге көрсеткен көмектері үшін шекіз алғыс білдіреді

Жыл басында «Қамқоршылық кеңесі» құрамы тағайындалып, жұмыс жоспары жасалды. Қамқоршылық кеңесі отырысы өткізіліп, күн тәртібіне аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасы балаларын анықтап, тізімге алу қойылды.

Қабылданған өтініш арқылы құжаттар жиналды (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік, ата-ана ИИН). Құрамында (әлеум.пед, сынып жет, психолог, тәрбие ісі меңгерушісі). Қорытындысында акт жасалып, отырыста талқыланды. Балалардың әлеуметтік жағдайы анықталды. Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу бойынша мәліметтер жиналды. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі қадағаланды. Сондай ақ мектеп оқушыларының әлеуметтік картасы жасалды. Жалпыға бірдей міндетті білім қорынан бөлінген қаржыға тегін ішетін оқушылардың тізімі анықталып, бекітілді. Құжаттар жиналды.

Мектептегі жалпы оқу қоры бойынша (всеобуч) көмек көрсетілетін оқушылар саны-37. Жаппай тегін тамақтанатаны 1-4 сынып оқушылары. Қамқоршылық кеңесі мүшелері жекелеген санаттағы отбасы балаларына көмек қажет жағдайларда үнемі қол ұшын беріп, демеушілік жасап отырады. Бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Жоспарда аз қамтылған, көпбалалы отбасыларынан шыққан, жетім балалар мен ата-ана қамқорынсыз қалған оқушыларға материалдық және басқа көмек көрсету, балалардың себепсіз сабақтан қалмауының алдын алу жұмыстарын жүргізіп отыру қамтылған. Сынып жетекшілермен тығыз байланыста болып, жеке сыныптар бойынша оқушылардың әлеуметтік паспорттары дайындалды. Одан әрі жинақталып мектеп бойынша әлеуметтік паспорт толтырылды. Жекелеген

санаттағы оқушыларға үнемі көңіл бөлініп отырылады. «Мектепке жол» акциясы бойынша сынып жетекшілері оқушыларға керекті жабдықтарға, жетіспейтін киімдеріне демеушілік жасап, белсенділік көрсете білді. Мектебімізде оқушыларды ыстық тегін тамақпен қамтамасыз ету қолға алынған. Мектеп оқушыларының тамақтану сапасының мониторингі бойынша жұмыс жоспары жасалып, мектеп асханасына бракеражды комиссия тағайындалды. Комиссия мүшелері берілетін тамақ сапасын тексеріп отырады және оған арналған журнал ашылды.

Жекелеген санаттағы оқушылардың үйірмеге, спорттық секцияларға қатысуы үнемі қадағаланады. Жалпы оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті тексеріліп, сабақ қалдырған оқушының себебі дер кезінде анықталып отырылады. Оқушылардың сабақтан тыс үйірме, секция, қоғамдық жұмыстарға қатысуы қадағаланады.

Жаңа жыл қарсаңында жетім, ата ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылды. Қамқорлықтағы оқушылар аудан әкімінің шыршасына қатысты. Олар: Хуат Айгерим-7А сынып, Жанасқызы Жұлдыз-8А сынып, Хутиев Амир-6 Б сынып. Ата-аналар жиналысына қатысып, сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысы үнемі қадағалауда.

Сондай-ақ, тамақтануды ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары бекітілді.

Тамақтануды ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес оқушылар санаттарын тегін тамақтандырумен қамтамасыз ету; ақылы тамақтанатын оқушылар санаты үшін ұтымды тамақтануды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау; оқушылар арасында тамақтану мәдениетін арттыру; азық-түліктің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ата-аналар (занды өкілдер) мен білім алушылар арасында ыстық тамақтың қажеттілігі туралы жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Жоспар негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс тамақтануды насихаттауға арналған «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлттың денсаулығы!» атты апталық жоспары бекітіліп өткізілді. 23.10-27.10.2023ж аралығында. Барлық іс-шаралар уақытында өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға дені сау болып өсуі үшін дұрыс тамақтану керектігін түсіндіру. Оқушылардың өз пікірін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер беру. Жалпы мектеп оқушыларымен «Дұрыс тамақтану» тақырыбында дөңгелек үстел, «Бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету», т.б. тақырыпта әңгімелер өткізілді. Барлық шаралар бекітілген жоспар негізінде жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік педагог:

Бай

Рашат Б

санаттағы оқушыларға үнемі көңіл бөлініп отырылады. «Мектепке жол» акциясы бойынша сынып жетекшілері оқушыларға керекті қабдықтарға, жетіспейтін киімдеріне демеушілік жасап, белсенділік көрсете білді. Мектебімізде оқушыларды ыстық тегін тамақпен қамтамасыз ету қолға алынған. Мектеп оқушыларының тамақтану сапасының мониторингі бойынша жұмыс жоспары жасалып, мектеп асханасына бракеражды комиссия тағайындалды. Комиссия мүшелері берілетін тамақ сапасын тексеріп отырады және оған арналған журнал ашылды.

Жекелеген санаттағы оқушылардың үйірмеге, спорттық секцияларға қатысуы үнемі қадағаланады. Жалпы оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті тексеріліп, сабақ қалдырған оқушының себебі дер кезінде анықталып отырылады. Оқушылардың сабақтан тыс үйірме, секция, қоғамдық жұмыстарға қатысуы қадағаланады.

Жаңа жыл қарсаңында жетім, ата ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылды. Қамқорлықтағы оқушылар аудан әкімінің шыршасына қатысты. Олар: Хуат Айгерим-7А сынып, Жанасқызы Жұлдыз-8А сынып, Хутиев Амир-6 Б сынып. Ата-аналар жиналысына қатысып, сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысы үнемі қадағалауда.

Сондай-ақ, тамақтануды ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары бекітілді.

Тамақтануды ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес оқушылар санаттарын тегін тамақтандырумен қамтамасыз ету; ақылы тамақтанатын оқушылар санаты үшін ұтымды тамақтануды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау; оқушылар арасында тамақтану мәдениетін арттыру; азық-түліктің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ата-аналар (занды өкілдер) мен білім алушылар арасында ыстық тамақтың қажеттілігі туралы жүйелі түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Жоспар негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс тамақтануды насихаттауға арналған «Дұрыс тамақтану-болашақ ұлттың денсаулығы!» атты апталық жоспары бекітіліп өткізілді. 23.10-27.10.2023ж аралығында. Барлық іс-шаралар уақытында өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға дені сау болып өсуі үшін дұрыс тамақтану керектігін түсіндіру. Оқушылардың өз пікірін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер беру. Жалпы мектеп оқушыларымен «Дұрыс тамақтану» тақырыбында дөңгелек үстел, «Бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету», т.б. тақырыпта әңгімелер өткізілді. Барлық шаралар бекітілген жоспар негізінде жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік педагог: *Бәй* Рашат Б